



"Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 ақпандағы N 98 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 а қ п а н д а ғ ы

N 9 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспары

1. "Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың жай-күйі мен перспективалары

1.1. Кіріспе

Осы "Қазпочта" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) дамыту жоспары "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына, "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1077 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының почта-жинақ жүйесін дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Осы "Қазпочта" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) дамыту жоспарында 2005-2007 жылдарға арналған мақсаттар мен міндеттер айқындалған, қызметінің қол жеткізген нәтижелеріне сүйене отырып, оларға жету жолдары жоспарланған, сондай-ақ Қоғам дамуының перспективалары белгіленген.

Қоғамның миссиясы Қазақстанның барлық аумағында жоғары сапалы деңгейде почта-жинақ қызмет көрсетулеріне еркін қол жетімдікті қамтамасыз етуден тұрады.

"Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1940 қаулысына сәйкес 903,66 млн. теңге сомасындағы жалпы капиталмен тіркелген, мемлекет 100% қатысатын "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамы құрылды. Акционерлеу қызметтің пайдаланымдық және жоспарлау-экономикалық салаларында дербестігін кеңейтуді, өңірлік желілерді дамыту және жаңғырту үшін инвестициялар тартуды қамтамасыз етті.

Қоғамның құрылтайшысы болып Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі табылады. "Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысымен Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігіне берілді. Қоғамның бастапқыда құрылған жарғылық капиталы ғимараттар мен құрылыстар түрінде қалыптасқан. Қиын қаржылық жағдайда қаржының болмауы Қазақстанның почта саласының тұрақтану процесі мен почта-жинақ жүйесінің қалыптасуын қиындатты. Қалыптасқан жағдайдан шығу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен республика бюджетінен Қоғамның жарғылық капиталын арттыру үшін 2002 жылы 643,1 млн. теңге және 2004 жылы - 400 млн. теңге сомасында қаражат бөлінген болатын. Бұл материалдық-техникалық базаны жетілдірудің және ауылдық жерлерде инфрақұрылымды дамытудың жаңа кезеңін бастауға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта Қоғамда 1-ші деңгейі облыстық филиалдарды тікелей басқаруды, почтаның жұмысын республикалық деңгейде ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асыратын және почтаны халықаралық деңгейде білдіретін орталық аппараттан тұратын үш деңгейлі (1-схема) басқару жүйесі жұмыс істейді.

2-ші деңгейге 14 облыстық филиал, "Алматы почтамты" Алматы филиалы, "Астана почтамты" Астана филиалы, "Республикалық арнайы байланыс қызметі" (бұдан әрі - РАБҚ) филиалы, "Алматы почта тасымалдау бөлімшесі" филиалы, "Астана қ. почта тасымалдау бөлімшесі" "Почтажабдықтау" филиалы.

3-ші деңгейді облыстық филиалдарға бағынатын және қалалар, аудандар аумақтарында почта жөнелтімдерінің барлық түрлерін қабылдауды, өңдеуді, тасымалдауды және табыс етуді қамтамасыз ететін почта байланысының 20 қалалық

торабы (бұдан әрі - ҚПБТ) мен почта байланысының 155 аудандық тораптары (бұдан әрі - АПБТ) құрайды. Облыстық филиалдар, ҚПБТ және АПБТ 613 қалалық (бұдан әрі - ҚПББ) және 2756 селолық почта байланысы бөлімшелерінің (бұдан әрі - АПББ), сондай-ақ почта байланысы пункттерінің (бұдан әрі - СПБП қызметін басқаруды, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады.

1-схема

"Қазпочта" АҚ басқару құрылымы (қағаз мәтініне қараңыз)

Орталық аппараттың құрылымы қызметтерінің функционалды бағыттылығы ескерілген бөлімшелерден құрылған және де жеті департамент, сегіз басқарма, екі бөлім мен екі қызметтен тұрады (2-схема). Орталық аппарат құрылымы табыстылық орталығы (өндіріс қызметін үйлестіруші бөлімше) мен қолдау орталығынан (басқарушы және қызмет көрсетуші бөлімше) тұрады.

Қоғам қызметінің мамандануын ескере отырып, табыстылық орталығына мынадай қызмет түрлерін үйлестіруші бөлімшелер жатқызылған: почта байланысы және филателия қызметтерін көрсету; почтаны тасымалдауды ұйымдастыру; қаржылық және агенттік қызметтерді көрсету.

2-схема

Қоғамның Орталық аппаратының құрылымы (қағаз мәтініне қараңыз)

Қолдау орталығы мемлекеттік бағалы қағаздар рыногындағы қызмет, олардың өтімділігін бақылау және актив пен пассивті басқару; аппараттық жүйенің қызметін бақылау, бағдарламалық өнімді әзірлеу және енгізу; бюджеттік жоспарлау және оның орындалуын бақылау, еңбек мәселелері, стратегиялық жоспарлау және маркетинг; Қоғамның қаржы есептілігі мен есептілік саясатын қалыптастыру; құқықтық және құжаттық қамтамасыз ету; өңірлік бөлімшелердің субкорреспонденттік есебін жүргізу; халықаралық почта айырбасы үшін өзара есеп айырысуды жүргізу; почта қауіпсіздігін қамтамасыз ету; шетел почта әкімшіліктері және ұйымдарымен ынтымақтастық; қаржы-шаруашылық қызметінің аудиты.

Қоғамның басқару жүйесі басқару субъектілерінің төменгі буыны жоғарғы буынына бағынушылығына негізделген иерархиялық жүйе болып саналады. Басқарудың жоғарғы органы дамытудың басымдықтары мен стратегиялық бағыттарын белгілеу негізінде жалпы Қоғамды басқаруды қамтамасыз етеді. Басқару ықпалы экономикалық даму міндеттерін ең тиімді жолмен жүзеге асыру бойынша барлық басқарылатын ішкі жүйе қызметін үйлестіруге бағытталған, тиісті шешімдер түрінде тұжырымдалады.

Қоғам мемлекеттік органдардың тарапынан басқару объектісі бола тұра өз құрамына кіретін филиалдар, құрылымдық бірліктер мен бөлімшелерге қатысты басқару міндеттерін жүзеге асырады. Осы деңгейде міндеттерді нақтылау жүзеге асырылады, сондай-ақ компанияның объектілерін, процестері мен ресурстарын басқарудың жедел-өндірістік жүйесі қалыптастырылады. Филиалдардың заңды тұлға ретінде құқықтары жоқ, бірақ оларға өз өндірістік міндеттерін орындау үшін жеке балансында және Қоғам балансында есептелген мүліктер үлесіне берілген.

Сонымен компания қызметінің ерекше әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, таңдалған басқару моделі қажетті шұғыл-шаруашылық дербестігін қамтамасыз етеді, оның аясын кеңейту өндіріс қызметінің тиімділігін көтеруге, көрсетілетін қызмет спектрін арттыруға және олардың сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады.

1.2. Рынокты талдау

Почта рыногын дамытудың болашағын қамтамасыз ететін ең басты ерекшелігі почта байланысы объектілерінің кеңінен тармақталған желілерінің және тарифтерінің төмен болуының арқасында почта байланысы қызметінің қолжетімдігі болып табылады. Бірақ, байланыстың баламалы түрлерін дамыту және почта жөнелтімдерін өңдеу және жеткізудің жоғары шапшаңдығын қамтамасыз ететін коммерциялық ұйымдардың дамуы жаңа және дәстүрлі емес қызмет түрлерін дамыту жаңа жабдықтар мен технологиялар негізінде оларды ұсыну сапасын жақсарту жөніндегі міндеттерді шұғыл ш е ш у д і т а л а п е т е д і .

Қазақстанның курьерлік қызмет көрсету рыногында 30-дан астам компания, соның ішінде мынадай халықаралық ірі компаниялар "DHL", "FedEx", "TNT", "UPS", "OCS", "Pony Express", сондай-ақ Қазақстанның жекелеген облыс орталықтарында қызмет көрсететін бірқатар отандық компаниялар бар. Аталған компаниялар өз қызметтерін Қазақстанда 7-8 жыл көлемінде жүзеге асырып жүр және Ұлттық почта операторына салмақты бәсекені құрайды. Курьерлік қызметтер рыногында "DHL" басым үлеске ие, қалған үлес басқа операторларға тиеді. Рыноктағы Қоғамның үлесі 15% құрайды.

Бүгін баспа өнімдерін тарату бойынша қызмет көрсетулер рыногында Қоғаммен қатар басқа мынадай "Аргументы и факты" ЖШС БК, "Евразия пресс" ЖШС, "Эврика-пресс" ЖАҚ, "Дауыс" БТММ АҚ, "Бико" ЖШС, "Бурда-Алатау пресс" ЖАҚ сияқты баламалы құрылымдар, сондай-ақ жекелеген облыс орталықтарында қызмет көрсететін басқа да компаниялар жұмыс істеуде. Облыстық газеттердің редакцияларында Қоғамның облыстық филиалдарына бәсекелестік тудыратын, жергілікті газеттерді таратып қана қоймай, республикалық және ресейлік басылымдарды да тарататын бөлімшелер құрылған. Егер бұрындары баламалы құрылымдар қабылдайтын жазылымдар Қоғамның филиалдары арқылы жеткізілсе, бүгінде осындай басылымдарды жеткізетін жекеменшік қызметтер құрылуда. Бұл ретте

Қоғам басылымдар мен жазылымдарды тарату бойынша қызмет көрсету рыногының ең ірі субъектісі болып қала береді: оның үлесіне республика аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдар таралымының 85% тиеді.

Ақша аударымдар рыногында рыноктың негізгі қатысушылары болып Western Union, MoneyGram, Contact (АКБ "Русслаабанк" - Ресей Федерациясы) және Анелик ("Банк Анелик" ЖШБ - Армения) табылады. Қазақстандық қатысушылар арасында мынадай екінші деңгейдегі банктер бөлініп шығуда: "ЦентрКредит Банкі" АҚ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Каспийский Банкі" АҚ және басқалар. Рынокта Қоғамның еншісі болмашы және 1%-дан төмен.

2000 жылға дейін әлеуметтік төлемдер рыногында Халықтық жинақ банкі басым үлеске ие болып келді. Қазіргі уақытта оның үлесі 51%-ды құрайды, ал Қоғамдікі - 41% . Республиканың ауылдық елді мекендерінде төлемдердің 100% Қоғам жүргізеді.

Осылайша, Қазақстанның почта-жинақ қызмет көрсету рыногы тек қана қала деңгейінде ғана жоғары бәсекелестікпен сипатталады. Селолық жерлерде Қоғам почта және қаржы қызмет көрсетулер рыногының жалғыз қатысушысы болып табылады.

Қ о ғ а м н ы ң к л и е н т т е р і :

х а л ы қ ;

м е м л е к е т т і к о р г а н д а р ;

б ю д ж е т т і к ұ й ы м д а р ;

к о м м е р ц и я л ы қ қ ұ р ы л ы м д а р ;

шетел өкілдіктері, елшіліктер мен Қазақстан аумағындағы жеке шетел тұлғалары.

1.3. 2002-2004 жылдың өндірістік-қаржылық қызметін талдау

2003 жылы Қоғаммен қабылданған жазба хат-хабарлар саны 16,2 млн. құрады, бұл 2002 жылғы деңгейден 7,4% асты, алдыңғы жылғы деңгейді сақтап, жеткізілген сәлемдемелер саны 1,2 млн. сәлемдемені немесе 3,8%, мерзімді басылымдар - 129,5 млн. бірлік немесе 38,4% құрады. 2004 жылы Қоғам мерзімді басылымдардың почта алмасуын төмендетуді, сондай-ақ 2002-2003 жылдары жазбаша хат-хабарлар, зейнетақы мен жәрдемақыларды төлеу және почталық ақша аударымдары бойынша ақылы алмасудың өсу тенденциясын сақтауды жоспарлауда.

2004 жылы шығыс ақылы айналым көлемінің 2,9% өсуі күтілуде, оның ішінде: жазбаша хат-хабарлардың көлемдерін 2003 жылдың деңгейінде 29,6% көбейту күтілуде ; сәлемдемелердің көлемі - 8,3%; мерзімді басылымдардың көлемі - 0,8%; жедел почта қызметтері - 3,1%; зейнетақы төлеу көлемі - 2,6%; сонымен қатар ақша аударымдарының көлемі - 2,6%. (1 кесте)

1-кесте

Шығыс ақылы айналымының серпіні

--	--	--	--	--	--	--	--

Р/с N	Атауы	2002 жылғы есеп	2003 жылғы есеп	2004 жылғы бағалау	2003 жылға шаққанда 2004 жылы %
1	Шығыс ақылы айналымының саны (млн.бірлік), оның ішінде:	129,04	167,50	173,93	103,84
2	жазбаша хат-хабарлар	15,10	16,20	21,0	129,63
3	сәлемдемелер	1,20	1,20	1,30	108,33
4	мерзімді басылымдар	93,60	129,5	130,50	100,77
5	жедел почта қызмет көрсетулері	0,24	0,32	0,33	103,12
6	зейнетақы мен жәрдемақылар төлеу	18,20	19,50	20,00	102,56
7	ақша аударымдары	0,70	0,78	0,80	102,56

Ақылы алмасудың жалпы көлемінде ең үлкен үлес салмағын жазылу және мерзімді басылымдарды сатуға шығару алады, ол - 75,0% құрайды, зейнетақы мен жәрдемақыларды төлеу үлесі - 12,1%, жазбаша хат-хабарлар - 11,5% құрайды.

2003 жылы аудандық мәндегі қалалар мен селолық өңірлерде зейнетақы, жәрдемақыларды және атаулы әлеуметтік көмекті дербес төлеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру жалғастырылды.

2003 жылы 19,5 млн.теңгенің зейнетақысы мен жәрдемақылары және жалпы сомасы 93,6 млрд. теңгенің атаулы әлеуметтік көмегі таратылды, бұл 2002 жылдың нақты орындалуымен салыстырғанда 40,1% жоғары. Қалыптасқан үрдіс Қоғамның осы бағытта өз қызметін жандандыру жөніндегі тапсырмаларды іске асыруда оң нәтижелерге қол жеткізіп отырғандығын сипаттайды. 2004 жылдан бастап Қоғамға аудан орталықтарында және селолық жерлерде зейнетақыларды және жәрдемақыларды тарату жөніндегі функцияларды кезең-кезеңмен өткізіп беру жоспарланып отыр. Осылайша, 2004 жылы 20,0 млн. бірлік мөлшеріндегі 117,4 млрд. теңге сомасында зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу күтілуде.

2003 жылы қабылданған почталық ақша аударымдары 0,78 млн. бірлікті құрады, бұл 2002 жылдың деңгейінен 11,4%-ға асып 4,8 млрд. теңгені құрады. 2004 жылы қабылданған почталық ақша аударымдарының мөлшерін почталық ақша аударымдары сомасын 2,1 % өсіру арқылы 0,8 млн. бірлікке жеткізу жоспарлануда.

2003 жылы 2002 жылмен салыстырғанда қаржылық операциялардың көлемі ұлғайды: көлденең ұйымдарға төленген жалақы - 30,4%, яғни 25,96 млрд. теңгені құрады; қабылдап алынған коммуналдық төлемдер - 4,5 есе; қабылдап алынған почталық ақша аударымдары - 11,4% құрады.

2003 жылы заңды тұлғалардың 1340 жаңа шоттары ашылды және шоттардың жалпы саны 2555 бірлікті құрады. Қолданған шаралар Қоғамға саны көбейген клиенттерге аумақтық шеңберде және сапа көтеру шеңберінде кеңейтілген қаржылық қызметтер

кешенін ұсынуға мүмкіндік берді.

2004 жылдың 1 қаңтарына дейінгі жағдайына Қоғамның депозиттік базасы 2002 жылмен салыстырғанда 83,2%-ға өсті және 1381,0 млн. теңгені құрады.

Тиімді жұмыс істейтін отандық почта-жинақ жүйесін қалыптастыруға бағытталған қызметті жандандыру нәтижесінде, компанияның қаржылық жағдайы тұрақталды. (2 кесте)

2-кесте
**2002-2004 жылдарға қаржылық-өндірістік
 қызметтің негізгі көрсеткіштері**
 (млн.теңге)

Р/с N	Баптың атауы	2002 ж. есеп	2003 ж. есеп	2004 ж. бағалау	2003 ж. жылға қанда жылы %
1	Кірістер, барлығы соның ішінде:	4109,4	5003,4	6614,0	132,2
	негізгі қызметтен түскен табыстар	3915,7	4856,5	6078,5	125,2
	негізгі емес қызмет- тен түскен табыстар	193,7	146,9	535,5	364,5
2	Шығындар, барлығы соның ішінде:	3980,5	4851,7	6445,0	132,8
	көрсетілген қызмет- тің өзіндік құны	2507,1	3141,7	4150,9	132,1
	кезеңнің шығындары	1389,3	1571,1	2009,4	127,9
	негізгі емес қызмет- тен келген шығындар	68,5	111,1	227,5	205,0
	корпоративтік табыс салығы	15,6	26,5	57,2	215,8
	төтенше жағдайлардан келген шығындар		1,3		
3	Таза табыс (шығын)	128,9	151,7	169,0	111,4

2003 жылғы қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша Қоғамның жиынтық табысы 2002 жылдың нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 21,8% ұлғайып , 5003,4 млн. теңгені құрады. 2003 жылы жиынтық шығындар 2002 жылдың деңгейінен 21,9% асып, 4851,7 теңгені құрады.

Қоғамның 2003 жылға жоспарлаған таза пайда деңгейі 129,1 млн. теңгені құрады. Қаржылық-өндірістік қызметтің қорытындысы бойынша 151,7 млн. теңге құраған Қоғамның таза пайдасы 20 млн. теңгеге түзетілген, бұл қаржылық есептердің халықаралық стандарттарға көшуіне байланысты уақыттық айырмашылықтардың салықтық тиімділігін бейнелеуден пайда болды және бір реттік сипатта болады. Осыған байланысты таза пайданың нақты деңгейі 131,6 млн. теңгені құрады. Осылайша, 2005-

2007 жылдары қаржылық-өндірістік қызметтің нәтижесінде алынған Қоғамның таза пайдасының өсу үрдісі, 5-7% сақталады.

2004 жылы жиынтық кіріс 2003 жылдың деңгейімен салыстырғанда 32,3%-ға өсіп, 1610,6 млн. теңгені құрап, жиынтық шығындар деңгейі 32,8% немесе 1593,3 теңгеге ұлғаяды деп күтілуде.

Табыс құрылымындағы почта қызметтерін көрсетуден түсетін ең үлкен үлес салмағы жазбаша хат-хабарларды жеткізуден - 32%, мерзімдік басылымдарды жеткізуден - 26%, сәлемдемелерді жеткізуден - 14%, арнайы байланыс қызмет көрсетулерінен - 14% құрайды. EMS-жөнелтімдерден 8%, өзге почта қызмет көрсетулерінен - 6% табыс түседі.

2003 жылы өткен жылғы деңгеймен салыстырғанда табыс жазбаша хат-хабарлар есебінен 19,3%; мерзімдік басылымдар есебінен - 11,4%; сәлемдемелер есебінен - 20,8%; арнайы байланыс қызметтерінен - 21,5%; EMS-жөнелтімдері есебінен - 35% өсті (3-кесте).

3-кесте

Почта қызметтері табыстарының динамикасы, млн. теңге

Р/с N	Атауы	2002 жыл	2003 жыл	2002 жылға шаққанда 2003 жылы %
1	Жазбаша хат-хабарлар	817,4	975,1	119,3
2	Мерзімді басылымдар	716,9	798,6	111,4
3	Сәлемдемелер	363,8	438,2	120,5
4	Арнайы байланыс қызметтері	361,9	439,6	121,5
5	EMS-жөнелтімдері	176,6	238,4	135,0
	Басқа да почталық қызмет көрсетулер	100,9	166,8	165,3

Қаржы қызметтерін ұсынудан түскен табыстар құрылымы келесі түрде берілген: заңды тұлғаларға ақша төлеуден түскен табыстардың үлесі - 49,3%, ақша аударымдарынан 19,7%, коммуналдық және басқа да төлемдерден - 10,3%, басқа қызмет көрсетулерден - 20,7%.

1.4. "Қазпочта" акционерлік қоғам өткізетін, оның ішінде: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясына

(бұдан әрі - Стратегия), мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес өткізілетін іс-шаралар

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың анықтаушы ролін ескере отырып почта-жинақ қызметтерінің бәсекелестікке қабілеттігін арттыру және қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін, Қоғаммен келесі шаралар өткізілген болатын:

1.4.1 Ақпараттық технологиялар

Қазіргі кезде республиканың барлық аудандық және қалалық почталық байланыс тораптары компьютерлік техникамен жарақталды, жерсеріктік терминалдар негізінде почта байланысын жаңғырту жобасының "соңғы милін" ұйымдастыру бойынша шаралар толық көлемде өткізілді. 2003 жылы Қоғаммен Dialaw@у IP жерүсті жерсеріктік станциясын Қоғамның 196 бөлімшелерінде қондыру және ұшыру бойынша шаралар аяқталды; электронды почтаға арналған жоғары жылдамдықтағы арна жұмыс істейді; Қоғамның бірыңғай корпоративтік ақпараттық желісі салынды.

2003 жылдың қаңтарында Қоғамның корпоративтік ақпараттық жүйесін (КАЖ) кезең-кезеңмен енгізу басталды. Интернет арналары арқылы банктік қызметтер бөліктерінде бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануға барлық лицензиялар алынды. 2003 жылдың ішінде банктік қызмет бойынша 4 модуль енгізілді: есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, клиенттер және шоттар, хабарламаларды жеткізу және төлем жүйесі.

Қосалқы және бас бухгалтерия модульдерінің өзара интегралданған конвертерлері сынақтан өткізілді, фронт-кеңсе және бэк-кеңсе бөліктеріндегі шоттардың жоспарына синхрондау жүргізілді.

1.4.2 Телекоммуникациялар

Қоғам қысқа тарату мерзімі мен ақпараттық қорғаудың жоғары дәрежесімен интегралдық қызметтер көрсетуге мүмкіндік беретін автоматты ақпараттық-технологиялық желісін құрды.

2002 жылы 9 облыстық филиалдарда байланыс қызметтеріне, сонымен қатар қалааралық сөйлесулерге шығынның қысқаруына мүмкіндік берген шағын АТС қатарға қосылды. 2003 жылы шағын АТС паркі кеңейтіп және Қоғамның облыстық филиалдарына бөлінді. Жалпы Қоғам бойынша өнеркәсіптік режимде 17 шағын АТС жұмыс істейді.

1.4.3 Бағдарламалық қамтамасыз ету

"Аманат-почта" бағдарламалық кешенінде Халықаралық Почта Байланысы жолдары арқылы IFS халықаралық аударымдар жүйесімен интерфейсі бар "Халықаралық аударымдар" бағдарламалық модулі, сонымен қатар "Жазылу" және "Жеделдетілген аударымдар" модульдері енгізілді. Қабылданған және өңделген төлемдер (орындаушылар үшін сервисті жақсарту) статистикасын қалыптастыру мақсатында файлдардан көліктік файлдарды өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету жасалынып бітті.

ҚР Ұлттық Банкінің жарғысына сәйкес және MT102 форматында сомаларды қосумен зейнетақыларды төлеуге дайындық шеңберінде "Операциялық күн" бағдарлама версиясы жаңартылды.

Облыстық филиалдардың барлығында ҚР аумағы бойынша ішкі және халықаралық EMS-жөнелтімдерінің өтуіне тексеру жүргізу жүйесі пайдалануға берілді. Бағдарлама ақпараттың кіріс және шығыс жөнелтімдері бойынша міндетті түрде тіркелуін қамтамасыз етеді. Мәліметтерді Қоғамның сайтынан көруге болады және оған барлық клиенттердің қолы жетімді. Қазіргі уақытта халықаралық тіркелетін жөнелтімдер бойынша ұқсас жүйені енгізуге дайындық жүріп жатыр.

Бұдан өзге, жобалық-сметалық құжаттаманы жасауға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету енгізілді. 2003 жылы "SWIFT-файлдарын қабылдау", "Зейнетақы қорларына аударымдарды есепке алу" автоматтандырылған жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алынды, қазіргі уақытта оларды Қоғамның бөлімшелеріне енгізу жүргізілуде.

Қоғамның компьютерлік желісін вирустардың кіруінен қорғау мақсатында вирустардың деректер базасын күнделікті жаңартуды жүзеге асыратын жаңа вирусқа қарсы бағдарлама сатылып алынды және орнатылды.

1.5. 2005 жылды бөлек көрсете отырып, 2005-2007 жылдарға "Қазпочта" акционерлік қоғамның даму жоспары

1.5.1. Мақсаттары мен міндеттері

2000-2003 жылдар кезеңінде Қазақстанда почта-жинақ жүйесінің қалыптасу процесінде Қоғамның барлық бөлімшелерінде почталық, қаржылық және агенттік қызметтерді көрсету жөніндегі қызмет ұйымдастырылды. Қоғамның қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін почта-жинақ қызметтері рыногында осы Жоспарда жақын болашаққа негізгі мақсат пен міндеттер анықталды.

Қоғамның алдағы үш жылға қойған мақсаты болып жоғары сапалы деңгейде ұсынылатын, почта-жинақ қызметтеріне еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету мүмкіндігі бар, аймақтық инфрақұрылымды дамыту табылады.

Алға қойған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:

Қоғамның материалдық-техникалық базасын жаңғырту және жаңаша технологияларды енгізу;
почта-жинақ қызметтерін көрсету сапасын көтеру;
көрсетілетін қызмет спектрін кеңейту және жаңаша банктік өнімдер мен Интернет-бағдарлы қызметтерді енгізу үшін технологиялық базаны құру;
почта-жинақ қызметтерін дамыту үшін қаржы механизмдерін қалыптастыру;
жаңаша басқару технологияларын енгізу.

Осыған байланысты 2005 жылы негізгі мақсат Қоғамның материалдық-техникалық базасының почта-жинақ қызметтерінің сапасын жақсарту және бәсекелестік қабілеттігін арттыру үшін негіз ретінде жаңғыртуға бағытталды.

Осыған байланысты мынадай міндеттерді шешу жоспарланды:

Қалалық, аудандық және ауылдық деңгейлерде аймақтық желілерді дамыту;
Корпоративтік ақпараттық жүйені құру негізінде жаңаша басқару технологияларын енгізу;

Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, жаңа қызмет түрлерін ұсыну арқылы Қоғамның қызметін реттейтін әдістемелік базаны қалыптастыру;

Шетелдік ұйымдармен және почталық әкімшіліктермен халықаралық бірлестік саласында Қоғаммен келесі бағыттар айқындалды:

бірыңғай почта аумағын сақтау және дамыту, сала қызметкерлерін оқыту үшін Әлемдік почта ұйымының органдарымен, аймақтық почта ұйымдарымен, шетелдік почта әкімшіліктерімен ынтымақтастықты дамыту;

Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттері арасында почта жөнелтілімдерін әуе және жерүсті көлігімен жөнелтудің бақылау мерзімдерін жасау және енгізу;

Қоғамның Дүниежүзілік почта одағының Халықаралық бюросымен өткізілетін, почта жөнелтімдерінің нақты өту мерзімдерінің тексерулеріне қатысу.

1.5.2 Алға қойған міндеттерге жету жолдарын таңдау

Жаңғыртуды жүзеге асыру және материалдық-техникалық базаны жаңарту, жаңаша басқару технологияларын енгізу үшін 2005-2007 жылдарда Қоғамға ұсынылған Ислам Даму Банкінің қарыз қаражаттарын игеру, сонымен қатар республикалық бюджет қаражатының есебінен көбейген, Қоғамның жарғылық капиталы мен таза табысының қаражатынан құралған жеке қаражатын бағыттау жоспарланып отыр.

Осыған байланысты 2005-2007 жылдары Қоғаммен жабдықтар сатып алу, жаңаша ақпараттық және өндірістік технологияларды енгізу, коммуникация құралдарын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Қазіргі технологиялар мен жабдықтарды қолдану қызмет көрсетулерін ұсыну сапасын көтеруге және оның спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді. Келесі іс-шаралардың артықшылығы анықталды: почта байланысын пайдаланудың сапалық

көрсеткіштерін бағалау нормативтерін және почта жөнелтімдерінің бақылау мерзімдерін оларды қысқарту мақсатында қайта қарау, өңірлік желілер мен магистральдық маршруттарды оңтайландыру.

Алған қойған мақсаттарға жетістікпен жету үшін жақын болашақта көрсетілетін қызметтер спектрінің кеңейуіне, олардың жаңа түрлерін енгізуге, сонымен қатар:

тапсырыстар бойынша сәлемдемелік сауда жүйесінің шеңберінде сервистік қызметтерді ұсына отырып "Почтамен-Тауарлар" каталогтары арқылы, сонымен қатар Интернет арқылы почталық сауданы ұйымдастыру және дамыту;
халықтың тұрғын үй құрылыс жиындарын тарту жөніндегі агенттік қызметтерді
д а м ы т у ;

трансфер-агенттік қызметтер ұсыну;
шарттарды бекітуге салымшыларды тарту және зейнетақы жиындары туралы хабарламаларды жеткізу бойынша зейнетақы қорларына агенттік қызметтер көрсету
с п е к т р і н к е ң е й т у ;

шарттарды бекіту бойынша сақтандыру ұйымдарына агенттік қызметтерді дамытуға
ү л к е н к ө ң і л б ө л і н е т і н б о л а д ы .

2005 жылы Интернетке ұжымдық қолжетімді пункттер ұйымдастыру жолымен интернет-қызметтерді дамытуға ерекше назар аударылатын болады. Бұл интернет-дүкеннің және филателистік өнімнің арнайы бөлшек сауда пункттерінің ашылуы арқылы филателия қызметтерінің дамуына әсерін тигізеді.

EMS Kazpost курьерлік қызметінің жұмысындағы басым бағыт EMS қабылдау пункттерінің кеңейуі және халықаралық почта саласында әлемнің ірі почта әкімшіліктерімен ынтымақтастық болады.

1.5.3 "Қазпочта" акционерлік қоғам жоспарлаған Стратегияны, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар

Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуына жәрдемдесу үшін Қоғаммен 2005-2007 жылдарда бірыңғай ақпараттық кеңістікке қол жеткізуді қамтамасыз ететін және технологиялық дамудың базалық платформасы ретінде қызмет ететін технологиялық процестерді жаңғырту және автоматтандыру процесін жалғастыру жоспарланып отыр. Негізгі іс-шаралар ретінде мыналар анықталды:

корпоративтік ақпараттық жүйені енгізуді аяқтау;
Қоғамның аймақтық желісін компьютерлендіру;

Қоғамның материалдық-техникалық базасын жаңғыртуды жүзеге асыру және жаңаша технологияларды енгізу;

жоғары технологиялық қызметтерді енгізу үшін техникалық және әдістемелік
н е г і з д е р қ ұ р у .

Селолық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жетістікпен іске асыру мақсатында Қоғаммен жаңаша жабдықтарды енгізу және өндірістік технологияларды жаңарту жоспарланып отыр, бұл қала мен ауыл арасындағы әлеуметті маңызды қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету деңгейі бойынша айырмашылықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Банктік қызметтердің, әсіресе селолық жерлерде тұратын халыққа еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында, Қоғам қаржылық қызметтердің барлық спектрін, несиелеуді қоса отырып жүзеге асыруға кеңейтілген банктік лицензия алу үшін жұмыс жүргізетін болады. Сонымен қатар салымдық өнімдерді несиелік және сақтандырумен қосу арқылы депозиттік қызмет ассортиментін кеңейту жоспарланып отыр. Сондай-ақ, банктік ресурстар мен қызметтерге, сонымен қатар билік органдарымен әртүрлі деңгейлерде құрылатын, халықты шағын несиелеу қорларына және шағын бизнес субъектілеріне қосу арқылы агенттік қызметтер саласында Қоғамның қызметін белсендіру жоспарланады.

Ұлттық банк аралық төлем карточкалар жүйесін дамытудың мемлекеттік Бағдарламасы шеңберінде Қоғам микропроцессорлық карточкаларды шығаруды жүзеге асыруды және олардың базасында есеп айырысудың бірыңғай қолма-қол ақшасыз бөлшек төлем жүйесін құруды жоспарлап отыр. Бұл жалақы, зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу механизмін жетілдіруге, коммуналдық төлемдерді жинау, көлік және байланыс қызметтерін төлеу процесін оңтайландыруға; қолма-қол ақшаның эмиссиясына шығындардың қысқаруына әкелетін бюджеттік (салықтық, кедендік) және басқа да міндетті жиындарды қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асыруға жол ашады.

"Электронды үкімет" құру жөніндегі мемлекеттік жобаны іске асыру үшін жаңаша телекоммуникациялық және ақпараттық технологияларды енгізу жолымен Қоғамның аймақтық желісін жетілдіру жоспарланып отыр.

Ұлттық бағалы қағаздар рыногының техникалық инфрақұрылымын дамыту және оларды халыққа таратуға көмектесу үшін Қоғамның аймақтық желісінің базасында трансфер-агенттік қызметті дамыту бойынша шаралар өткізіледі. Бұл сұлба тұрғындардың ақша қаражаттарын нақты субъектілер мен дамыту бағдарламаларын қаржыландыруға тартуға мүмкіндік береді. Клиенттерді тарту мен бекітуге, ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастық жүйесінің құрылуына алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдану, клиенттің қаржысын сенімді басқару, қаржы рыноктарында жеке операцияларды қолдау бағдарламаларын дамытуға ықпалын тигізеді. Қоғамның бөлімшелерінің кең желісі негізінде Қазақстанның қалалары мен аудандарында бағалы қағаздар рыногында әрекет ететін әртүрлі қаржы институттары және олардың клиенттері арасында құжаттарды қабылдап-тапсыруды жүзеге асыратын пункттер, сондай-ақ жеке тұлғаларға бағалы қағаздармен жекеменшік құқықтарын тапсыру мәмілесін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін сату-сатып алу пункттері

ашылатын

болады.

Интернет-бағытты қызметтерді дамыту шеңберінде филателистік өнімді тарату жобалары, "Интернет-жазылу" және алдағы уақыттарда Интернет арқылы тауарларды каталогтар бойынша сату жобасы енгізілетін болады. "Қазақтелеком" АҚ-пен бірлесіп жасалған село тұрғындарының Интернет-қызметтеріне қол жеткізуін ұсыну жобасының болашағы зор.

Жоспарланып отырған шаралар почта-жинақ қызметтерінің бәсекелестікке қабілеттігін арттырады және Қоғамның әрі қарай тиімді және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1.5.4 Почта-жинақ жүйесі қызметтерінің даму серпіні (натуралды және ақшалай түрдегі жұмыстар, қызметтер)

2005-2007 жылдары почталық қызмет саласында мына нәтижелерге жету жоспарланып отыр: шығыс жазбаша хат-хабардың көлемін 24,0 млн. бірлікке дейін көбейтуді немесе 2003 жылдың деңгейіне қатысты 48,1%-ға жоғары, мерзімді басылымдарды жеткізу көлемі 133,0 млн. бірлікке дейін немесе 2003 жылдың деңгейінен 2,7% көтеруді қамтамасыз ету және 2005-2007 жылдары сәлемдемелер қабылдау деңгейін 1,4 млн. бірлік шегінде немесе 2003 жылмен салыстырғанда 16,7% арттыруды қамтамасыз ету жоспарланып отыр. 2007 жылы қабылданған жеделдетілген почта жөнелтілімдерінің санын 350 мың бірлікке немесе 2003 жылғы деңгейге қарағанда 7,7% арттыру жоспарланды.

Қаржылық және агенттік қызметтер саласында 2007 жылы келесі көрсеткіштерге жету жоспарлануда: 2007 жылы почталық ақша аударымдарының санын 2003 жылмен салыстырғанда 15,4%-ға өсуін қамтамасыз ете отырып 0,9 млн. бірлікке жеткізу, 2007 жылы зейнетақы мен жәрдемақы төлеу санын 28,0 млн. бірлікке дейінгі деңгейге немесе 2003 жылмен салыстырғанда 43,6%-ға көбейту. Коммуналдық төлемдерді қабылдауды 2007 жылы 2003 жылмен салыстырғанда 20,3%-ға, жалақы төлеуді сәйкесінше, 77,2%-ға, салықтық төлемдерді - 38,9%-ға, ақша мен құндылықтарды инкассациялауды - 17,7% көтеру жоспарлануда.

4-кесте

Көрсетілетін негізгі қызметтер бойынша көрсеткіштердің 2005-2007 жылдарға арналған болжамы

Р/с N	Көрсеткіштің атауы	Өлшем бір- лігі	2003 жылғы есеп	2004 жылғы бағалау	2005 жылғы болжам	2006 жылғы болжам
1	2	3	4	5	6	7
1	Почталық қызмет түрлері:					
1.1	жазбаша хат-хабарлар	млн. дана	16,20	21,0	23,0	23,5

1.2	сәлемдемелер	млн. дана	1,20	1,30	1,30	1,40
1.3	мерзімді басылымдар	млн. дана	129,5	130,5	131,0	132,0
1.4	жедел почта қызметі	мың дана	325,00	330,00	350,00	360,00
2	Қаржылық қызмет және қаржылық көрсетулер, агенттік қызмет көрсетулер:					
2.1	Еңбекақы төлеу	млрд. теңге	25,96	39,00	43,00	48,00
2.2	Зейнетақы және жәрдемақы төлеу:					
2.2.1	саны	млн бірл.	19,50	20,00	21,00	24,00
2.2.2	сомасы	млрд. теңге	93,10	117,40	129,00	142,00
2.3	Коммуналды, салық және басқа да төлемдер	млрд. теңге	11,30	29,00	35,00	42,00
2.4	Депозиттер:					
2.4.1	саны	мың бірл.	1378,90	1517,00	1669,00	1835,00
2.4.2	сомасы	млн. теңге	1381,00	1500,00	1800,00	2160,00
2.5	Почталық ақша аударымдары:					
2.5.1	саны	млн. бірл.	0,78	0,80	0,83	0,85
2.5.2	сомасы	млрд. теңге	4,80	4,90	5,30	5,80
2.6	Құндылықтар мен ақшаны инкассациялау	млрд. теңге	184,70	193,90	203,00	211,50

кестенің жалғасы

Р / с N	2007 жылғы болжам	2003 жылға шаққанда 2007 ж. %
1	8	9
1		
1.1	24,0	148,1
1.2	1,40	116,67
1.3	133,0	102,7
1.4	370,00	113,85
2		

2.1	53,00	204,16
2.2		
2.2.1	28,00	143,59
2.2.2	156,00	167,56
2.3	50,00	442,48
2.4		
2.4.1	2019,00	146,42
2.4.2	2592,00	187,69
2.5		
2.5.1	0,90	115,38
2.5.2	6,30	131,25
2.6	217,40	117,70

Белгіленген өндірістік бағдарлама 5-кестеде көрсетілген қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік туғызады.

5-кесте

Қаржылық көрсеткіштердің болжамы

(млн. теңге)

Р/с N	Көрсеткіштің атауы	2003 жылғы есеп	2004 жылғы баға- лау	2005 жылғы болжам	2006 жылғы болжам	2007 жылғы болжам	2003 жылға шақ- қанда 2007 ж. %
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Табыс	5003,4	6614,0	7625,5	8462,2	9194,1	183,7
2	Шығын оның ішінде	4851,7	6445,0	7452,6	8287,9	9018,4	185,9
2.1	өндірістік өзіндік құн	3141,8	4150,9	5183,3	5660,4	6108,5	194,4
3	Салық салынатын табыс	179,4	226,2	238,0	247,8	255,6	142,5
4	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	26,5	57,2	65,7	73,6	79,9	301,5
5	Таза табыс (шығын)	151,7	169,0	172,3	174,2	175,7	115,8

Кірістің өсуін тұтынушылар тарапынан почта-жинақ қызметтеріне сұранымды өсіру , сондай-ақ әлеуметтік маңызды қызметтер бойынша тарифтік ставкаларды (комиссиялық сыйақыны) олардың қолжетімділігін сақтай отырып нақты шығындар деңгейіне дейін теңестіруді көздейтін онтайлы баға құру стратегиясын қалыптастыру арқылы қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

2005-2007 жылдарға Қоғамның шығындарын қалыптастыру кезінде жыл сайынғы қызметкерлердің жалақы мөлшерін өсіру, сондай-ақ инвестициялар тарту нәтижесінде амортизациялық аударымдарды және негізгі құралдарға қызмет көрсетулерге шығындарды өсіру, ғимараттарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

2005 жылы негізгі қызметтен сомасы 7041,9 млн. теңгеге, ал негізгі емес қызметтен сомасы 583,0 млн. теңгеге табыс алу күтілуде. Бұл ретте өндірістік шығындар (көрсетілген қызметтің өзіндік құны) 5183,3 млн. теңгені құрайды, оның ішінде:

материалдар - 497,1 млн. теңге;
 қызметкерлерге еңбекақы төлеу (өндірістік персонал) - 2930,5 млн. теңге;
 еңбекақы төлеуден түскен аударымдар - 385,8 млн. теңге;
 үстеме шығындар - 887,8 млн. теңге;
 басқа шығындар - 482,1 млн. теңге.
 Кезең шығындары - 2040,1 млн. теңге.

Негізгі емес қызметпен байланысты шығындар - 163,5 млн. теңге.

Күрделі салымдар

Қоғам күрделі салымдарды мынадай мақсаттарға жұмсауды жоспарлап отыр:

б-кесте

2005-2007 жылдарға күрделі салымдардың жоспары

(млрд. теңге)

Р/с N	Пайдалану бағыттары	Барлығы	оның ішінде жылдар бойынша		
			2005	2006	2007
1	ҚР почта байланысын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру	1,21	1,14	0,07	
2	Инфрақұрылымды дамыту ауылдық жерлерде қалаларда	3,87 1,83 2,04	1,06 0,73 0,33	1,71 1,10 0,61	1,10 1,10
3	Магистральды тасымалдау жүйесін жетілдіру	1,02	0,05	0,06	0,91
4	Почта-жинақ қызмет көрсетулерін дамыту	0,88	0,33	0,20	0,35
5	Істен шыққан негізгі құралдарды қалпына келтіру	0,62	0,38	0,09	0,15
6	Жиыны:	7,60	2,96	2,13	2,51

Қоғамның ең аз қажетті инфрақұрылымын қайта жаңғырту үшін: объектілерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу және кассалық тораптарды техникалық нығайту;

автокөлік парктерін және почта вагондарын жаңарту, почта байланысының жылжымалы бөлімшелерін сатып алу;
 компьютерлік жабдықтар мен бағдарламалық қамсыздандыруды сатып алу;
 кассалық техникалар мен банк жабдықтарын сатып алу;
 өрттік-күзету және дабыл сигналдау, видеобақылау, ақпараттарды бағдарламалық, аппараттық қорғау құралдарын және басқа да арнайы құрал-жабдықтарды сатып алу және орнату.

Өзіндік құнның құрылымы

Көрсетілген қызметтің өзіндік құн (7 кесте) құрылымында үлкен үлесті 2005 жылы тікелей өндірістік шығындар (шамамен 74%) құрайды. Өндірістік үстеме шығындар 17% жоғары, негізгі қызмет көрсетулер бойынша басқа да қызметтер - 9%.

7-кесте

Көрсетілген қызметтің өзіндік құнының құрылымы

(млн. теңге)

Р/с N	Баптардың атауы	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл
1	Көрсетілген қызметтің өзіндік құны Барлығы: оның ішінде:	3141,8	4150,9	5183,3	5660,4	6108,5
1.1	тікелей шығындар	2032,7	2794,3	3813,4	4227,7	4623,8
1.2	үстеме шығындар	652,3	845,0	887,8	941,0	988,1
1.3	негізгі қызметтер бойынша басқа да шығындар	456,8	511,6	482,1	491,7	496,6

Қоршаған ортаны қорғау және еңбектің қауіпсіздік техникасын сақтау жөніндегі іс-шаралар

Қоғам жүргізіп отырған қоршаған ортаны қорғауға бағытталған саясат мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды қарастырады: технологиялық құрал-жабдықтарды жаңарту, техникалық жағынан оңдалған көлік құралдарын пайдалану, сүзбелер мен катализаторлар орнату. Пайдаланымдағы технологиялардың, жабдықтардың және автокөлік құралдарының қоршаған ортаға жағымсыз әсерін азайту бекітілген экологиялық стандарттарды сақтауға мүмкіндік береді.

Қоғам дұрыс және қауіпсіз еңбек жағдайларынан тұратын қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды ұйымдастыратын механизмді құруға, апаттар мен жарақаттардан уақытылы сақтандыруға, сонымен қатар мамандарды еңбек қорғау ережелері мен нормаларына үйретуге, өндірісте еңбекке жарамдылықты жоғалтқан жағдайда келтірілген залалды

өтеуге ерекше назар аударды.

2005-2007 жылдары Қоғамның жұмысшы персоналы мен өндірістік объектілерінің кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы киімдермен және автоматты түрде өрт сөндіру, бейнебақылау жүйесін қоса алғанда қауіпсіздіктің техникалық құралдарымен жабдықтау жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (Ұлттық Банк Басқармасының 1995 жылғы 17 тамыздағы N 94 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк мекемелерінің және екінші деңгейлі банктердің ғимараттарында касса тораптарын жобалауға және орнатуға байланысты техникалық талаптар туралы Нұсқау) және Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігінің (1994 жылғы 28 маусымдағы N 7 Күзетілетін объектілерді техникалық нығайту және сигнализация орнату жөніндегі бірыңғай талаптар) нұсқауларына сәйкес Қоғамның касса тораптарын техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөнінде негізгі бағыттар анықталған. 2001-2003 жылдары 411 объекті техника қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі құралдарымен жабдықталды, 2005-2006 жылдары қосымша 725 объектіні жабдықтау жоспарланып отыр.

1.5.5 Бағалық және тарифтік саясат және оның негіздемесі

Қоғам тарифтерін мемлекет белгілейтін әлеуметтік маңызды қызметтер көрсетеді және оларды селолық елді мекендерде ұсынғанда көбінесе шығынға отырып жатады, өйткені көрсетілетін қызметтердің көпшілік түрі қалалық және селолық жерлерде көрсетілген қызметтің өзіндік құнының айырмашылығын ескермей төмендетілген ставкалармен белгіленген қолданыстағы тарифтер, не шын мәнісіндегі өзіндік құннан төмен белгіленген.

Почта операторлары, әсіресе, почталық байланыс қызметін селолық аймақта атқаратындар үшін тең бәсекелік жағдай жасау мақсатында баға қалыптасуының оптимальды стратегиясының құрылымы қажет.

Осыған байланысты почталық қызмет көрсету аясында қызмет көрсету түрлері бойынша шығындардың бөлектеп есептеуін енгізу қарастырылады. Бұл қызмет көрсетудің өзіндік құнының іс жүзіндегі деңгейін анықтауға, ағымдағы шығындарды өтеу мен табысқа қол жеткізу үшін кірістерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қызмет көрсетулер түрі бойынша шығындарды бөлектеп есептеу әдістемесін енгізу мақсаты болып:

шаруашылық қызметін тиімді жүргізу, тарифтердің ары қарай есеп-қисабы және басқармалық шешімдер қабылдау үшін қызмет көрсетулердің нақты өзіндік құнын есептеу;

бір қызмет көрсетулерді екінші қызмет көрсетулер есебінен көлденең қаржыландыру мүмкіндігін жою;

реттеу мақсаттарында шығындарды тіркеудің айқын жүйесі.

Бұл әдістеме қызмет көрсетулерді техникалық және сапа нормаларын сақтай отырып, ең аз көлемді шығындармен жүзеге асыруға, барлық операциялық шығындар мен технологиялық құрал-жабдықтарды тиімді пайдаланумен байланысты шығындарды жабуға мүмкіндік береді.

Бөлектеп есептеу принциптерін енгізу үшін Қоғамның бөлімшелері қызметі түрлеріне шығынның қалыптасу көздерін дәл шектеуді қамтамасыз ететін функционалды-факторлық өлшемдер бойынша сыныптама жүргізіледі. Бұл өлшем жұмыс орындарының және почта қызмет көрсетулері тобы бойынша өндіріс учаскелерін, технологиялық операциялардың спецификасын және почта қызмет көрсетулерін құжаттамалық ресімдеуді оқшауландыруға негізделеді.

Қажетті тиімділік нормаларын қамтамасыз ету үшін коммерциялық маржа мен өзіндік құн есебін анықтау әдістемесін дайындау жүзеге асырылатын болады. Әдістеме Қоғам ұсынатын, қызмет көрсетулерден түскен табыстар мен шығындар көлемінің қатыстылық талдауына бағытталған.

Тарифтік саясатты қалыптастыруға сыртқы факторлардың ықпал етуінің маңызы зор. Почта қызметінің технологиясы почта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау үшін табиғи монополия субъектісі болып табылатын ұлттық тасымалдаушы қызметін пайдалануға байланысты және тасымалдау тарифтері монополияға қарсы ведомствомен реттеледі, Іс жүзінде қалыптасқан тәжірибе ұлттық тасымалдаушы тарифтерінің көтерілуі бір мезгілде Ұлттық почта операторы үшін монополияға қарсы ведомствомен белгіленетін, жалпы қолжетерлік почталық қызмет тарифтерінің көтерілетінділігін және оның қаржылық жағдайын нашарлатуға әкелетіндігін көрсетті.

Соған байланысты почта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдауға байланысты Қоғам қызметінің тиімділігі үшін вагондардың жүріс тарифтері мен жалпы қолжетерлік почталық байланыс қызметінің тарифтерін бір мезгілде реттеу қажет.

Осылайша, 2005-2007 жылдары Қоғамның қызметі макро- және микроэкономикалық индикаторлардың ықпалын ескере отырып экономикалық негізделген әдістер базасында икемді тарифтік реттеу механизмін енгізуге бағытталатын болады.

1.5.6 Әлеуметтік саланы дамыту

Қоғаммен әлеуметтік сфераны дамыту үшін Қоғам қызметкерлері мен зейнеткерлеріне материалдық көмек көрсету жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Сондай-ақ Қоғамның еңбек ардагерлеріне, Ұлы отан соғысы мүгедектеріне ақша төлемдері және тегін жазылым түрінде қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетілетін болады. Қоғам қызметкерлеріне арналған мерекелік және спорттық

